

Бекітемін _____
 «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақпасының
 құрылтайшысы: М.Х. Жайсултанов



**2023-2024 оқу жылына арналған бөбекжай педагогтарымен өткізілетін
әдістемелік кеңесінің отырысы**

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары	Қыркүйек	аттама	ӘК әдістемелік кеңес мүшелері
2	№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай-күйін талдау	Желтоқсан	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
3	№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы Балалардың даму деңгейін талдау. Ересек топтың мектепалды даярлыққа дайындығы Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау Педагогтармен жаттығулар жасау.	Ақпан	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
4	№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы Оқу жылын қорытындылау	Мамыр	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері

2023-2024 оқу жылының №1 әдістемелік кеңес хаттамасы

Тақырыбы: Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары

Өткізілген күні: 08.09.2023жыл

Қатысқан: 4

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».

Әдіскер: Мусағалиева.Г:У

2. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары. Әдіскер: Мусағалиева.Г:У

3. Әр түрлі сұрақтар.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Әдіскер: Мусағалиева.Г:У мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп шықпағандықтан, 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Аудандық жылдық жоспарындағы іс-шараларды да осы жылдық жоспарда көрсетіп, балабақша басшысына бекітуге жіберілді.

Екінші сұрақ бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық негізінде балалардың деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтің біршама өзгергенін атап өтті. Өзгерістерге сәйкес әр топтардың критерий санын айтты. EXCELL бағдарламасында тиімді жұмыс жасау үшін кеңестер мен түсіндірмелер жүргізді. Барлық педагогтар EXCELL бағдарламасындағы қиындық тудырып тұрған сұрақтарына жауаптарын алды.

Үшінші сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі мен әдіскеріне тәрбиеші тарапынан әр - түрлі оқу ісі мен тәрбиеге қатысты сұрақтар қойып, жауап алды.

Шешімдер:

1. 2023-2024 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Қыркүйек айының 15іне дейін бастапқы мониторинг нәтижелері толтырылсын.

Мерзімі: бір аптаның ішінде.

Жауапты: барлық педагогтар.

Төрайымы:  **М.Х.Жайсултанов**

Хатшы:  **А.Н.Едресова**

2023-2024 оқу жылының №2 әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: 22.12.2023 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай күйін талдау».
Әдіскер: Мусағалиева.Г:У

2. Жас мамандардың циклограмма жазудағы қиындығы қандай? Ой толғау
Әдіскер: Мусағалиева.Г:У.

3. Циклограмма жазу жөнінде кеңес.

Тәрбиеші: Сүндетова.А.Д.

Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай әдіскер: Мусағалиева.Г:У. мектепке дейінгі ұйымның жас топтарында жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес жүргізілуі бойынша талдау жасап, педагогтарға жоспарланған іс-шаралардың құжаттамаларын уақытында тапсырып келе жатқандарын айтты. Жас мамандар жұмыстарына тоқталып, тәлімгерлерімен тығыз жұмыс жасау ұсынылды.

Екінші сұрақ бойынша әдіскер Мусағалиева.Г.У «Жас мамандардың циклограмма жазудағы қиындығы қандай?» деген сұраққа ой толғау жүргізді. Жас мамандардың циклограмма жазуындағы қиындықтары тыңдалды, циклограмма жазуда нені ескеру қажеттігін бір-біріне жеткізді.

Үшінші сұрақ бойынша Тәрбиеші: Сүндетова.Г.У. «Циклограмма жазу жөнінде кеңес» өткізді. Өз ноутбугын қосу арқылы циклограмма жазу туралы кеңестері мен оңай жолдарын үйретті. Картотекамен жұмыс, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесімен жұмыс, ойындар мен тақырыптық бақылауларда таңдаудағы кеңестерімен бөлісті.

Шешімдер:

1. Жоспарланған іс-шаралар талаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Циклограмма жазуда үнемі толықтырып, жаңашалап жазылсын

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: барлық педагогтар.

3. Педагогтарға арналғанырғақты, көңіл көтеретін ойындар үнемі өткізіліп отырсын.

Төрайымы:

Хатшы:



М.Х.Жайсултанов

Едресова.А.Н

2023-2024 оқу жылының №3 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Өткізілген күні: 29.02.2024 жыл

Қатысқан: 5 педагог

Қатыспаған: 0

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау

Медбике : Изимова.М.Р.

2. Ересек топтың мектепке дайындығы

Топ тәрбиешілері

Бөбекжай құрылтайшы М.Х.Жайсултанов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Тәрбиешілердің жұмыстарына баға берілді, дамытушы орталықтар бойынша талқылау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Изимова.М.Р. сөз алды. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің сырқаттануы мен жарақаттануына талдау жасай отыра, балалар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру маңызды екендігін баса айтты. Топ тәрбиешілеріне бала денсаулығын нығайтуға арналған бірнеше профилактикалық кеңес берді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері ересек топтың мектепке дайындығы есеп берді. Мектепке саяхат жасалды.

Шешімдер:

1. Дамытушы орталықтар толықтырылсын

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Семинарға дейін топтарды өте жақсы безендіргендер үшін сыйақы тағайындалсын.

Мерзімі: мамыр айы

Жауапты: меңгеруші, әдіскер

3. Аудандық семинарға дайындық күшейтілсін, кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарлансын.

Мерзімі: наурыз-сәуір

Жауапты: әдіскер, бөбекжай тәрбиешілері.

Төрайымы:

Хатшы:



М.Х.Жайсултанов

А.Н.Едресова

2023-2024 оқу жылының №4 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Өткізілген күні: 21.05.2024 жыл

Қатысқан: 5 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1.«Оқу жылы қорытындылау».

Әдіскер: Мусағалиева.Г.У.

2. «Біздің бір жылғы жетістігіміз». Әдіскер:Мусағалиева.Г:У

3. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық. Әдіскер:Мусағалиева.Г:У

Бірінші мәселе бойынша әдіскер: Мусағалиева.Г:У. сөз сөйледі. Әр топ тәрбиешілері оқу жылын қорытындылау мақсатында өткізілген барлық іс – шаралар бойынша жылдық есеп тапсырып, талқыға салды. Педагогтер 3 шағын топқа бөлінді. I топ – Жылдық жоспардың орындалуы, II топ – Жыл бойғы жетістіктерді талдау, III топ – жаңа оқу жылына жылдық жоспар құру тапсырмалары берілді. Берілген тақырып бойынша әр топ талқылау жүргізді, жаңа оқу жылына жаңа жоспар құрылды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері «Біздің бір жылдық жетістігіміз» тақырыбында педагогтарға тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты:жұмысқа креативті көзқараспен карау, балалардың білімдерін жетілдіру үшін педагогтердің сергек болуын қамтамасыз ету. Тренинг барысында педагогтермен биылғы оқу жылының қызықты сәттері мен қиын болған сәттерін еске алуларын сұрады. Өз жұмысы үшін биылғы оқу жылы қандай мақтанышпен айта алатындарын сұрады. Оқу жылы барысында алған дипломдарын бөбекжай құрылтайшы М.Х.Жайсултанов марапаттады. Барлық педагогтерімен мақтанатын айтқан бөбекжай құрылтайшы жазғы демалыстарының жақсы өтуін тіледі. Жұмысқа қызығушылықтары түспес үшін педагогикалық кеңестің екінші бөлімі таза ауада өтетін айтып кетті. Барлық әріптестеріне шығармашылық өрлеу тіледі.

Жазғы сауықтыру жұмыстарымен таныстырып, жаз мезгілінде жұмыс жасайтын педагогтерге сабақ кестелері таратылып, жұмыстарға түсіндірме жүргізілді.

Шешімдер:

1.Алдағы оқу жылында өткізілетін барлық іс-шаралар түрлендіріліп, жаңа инновациялық технологиялар негізінде жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: барлық топ тәрбиешілері.

2. жазғы маусым жұмыстарын өте жоғары деңгейде өткізілсін

Мерзімі: жаз бойы

Жауапты: әдіскер, топ тәрбиешілері

Төрайымы:

Хатшы:



М.Х.Жайсултанов

А.Н.Едресова